

Р.С.Каренов

Руководитель Западной части Алашорды, видный общественный деятель Жаханша Досмухамедов

В статье приведены биографические данные известного политического деятеля Жаханши Досмухамедова. Подчеркнуто, что в начале двадцатого столетия он стал ярким представителем казахской интеллигенции. Отмечено, что движение «Алаш» и деятельность его видных представителей, среди которых особое место занимает Ж.Досмухамедов, оставили заметный след в истории Казахстана. Доказано, что, возглавив «Алаш» на Западе Казахстана, Досмухамедов стал лидером наиболее передовой части казахского общества. Сделан вывод, что деятельность Ж.Досмухамедова в рамках движения «Алаш» явилась заметным общественно-политическим явлением в истории казахского народа, в его стремлении к национальной государственности.

R.S.Karenov

The eminent public figure who has headed the movement «Alash» in the West Zhahansha Dosmukhamedov

Biographic data of the known politician, Zhahansha Dosmukhamedov are described. It is emphasized that at the beginning of the twentieth century he became the bright representative of the Kazakh intellectuals. It is noted that the movement «Alash» and activity of his prominent representatives among which the special place is occupied by Z.Dosmukhamedov, left a noticeable trace in the history of Kazakhstan. It is proved that having headed «Alash» in the West of Kazakhstan, Dosmukhamedov became the leader of the most advanced part of the Kazakh society. The conclusion is drawn that Z.Dosmukhamedov's activity within the movement «Alash» was the noticeable political phenomenon in the history of the Kazakh people, in its aspiration to national statehood.

ӘОЖ 94 (574)

Р.С.Каренов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: karenov_r@inbox.ru)

Алаш қайраткері Қошке Кемеңгерұлының ұлтты дамыту жолындағы ізденіске толы қызметі

Алаш қозғалысының көрнекті өкілі — Қошке Кемеңгерұлының өмірі мен қызметі бейнеленген. Жақсы білім алған, оның педагогикалық және журналистік қызметін атқарғаны, белгілі тарихшы, әдебиетші, қоғам қайраткері болғаны көрсетілген. 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін оның Омбыда мәдени-ағартушылық мәселелерімен шұғылданған жастар ұйымының құру бойынша қызметі бөлек сипатталған. Қ.Кемеңгерұлының Дала өлкесінде мемлекеттік билік ұйымы ретінде рәсімделуге мәжбүр болған жаңа тарихи жағдайдағы Алаш қозғалысының белсенді мүшесі болғандығы жайлы баяндалған. Оның 1920–1929 жылдар аралығындағы Алаш қозғалысының көшбасшыларының бірі ретіндегі көп қырлы шығармашылық және қоғамдық жұмысы талданған. Байырғы ұлттық зиялы қауым қудалауға ұшыраған және оның көп бөлігі жойылған 1930 жылдардағы Қ.Кемеңгерұлының өмірінің соңғы жылдары жан-жақты зерттелген.

Кілтті сөздер: қайраткер, дамыту, үлес, қаламгер, Алаш, ғылым, зерттеу, қызмет, еңбектер, мұра.

Kipicne

Білім мен білікке ұмтылған Алаш қайраткері Қошке (Қошмұхамбет) Дүйсебайұлы Кемеңгерұлы 1915 жылдан бастап 1930 жылға дейін үзіліссіз ұлт әдебиетіне, тарихына, драматургиясына, журналистикасына, ғылымына айрықша үлес қосты. Осы уақыт аралығында ол өз қатарластарымен бірге отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күреске қатысты. Оның сан-салалы ізденіске толы ұлтты

дамыту жолындағы қызметін өткен ғасырдың отызыншы жылдарында басталған Кеңес үкіметінің репрессия науқаны үзді.

Қошке Кемеңгерұлы 1896 жылы 15 шілдеде сол кездегі территориялық бөлініс бойынша Ақмола облысы, Омбы уезі, Беке болысындағы «Ауыздағы Қаржас» деген ауылда дүниеге келген. Ата-бабасы мұнда Баянауылдың Сарытауынан қоныс аударған болатын. Деректерге қарасақ, Қошке — Арғын тайпасына жататын Қаржас руының Құлеке атасынан (тармағынан), Ақша ұрпағы (сызбаны кара.). Кезінде Қаржас руының атақты биі Шорман: «Омбыға барғанда тамақ ішетін, намаз оқитын жерім жоқ», — деп, баласы Мұса оқыған кадет корпусы көрінетін Ертістің сол жақ бетінен 250 сомға жер сатып алып, сол жерге 1849 жылы сенімді ағайыны Атанұлы Кемеңгерге, өзіне арнайы үй салдырып, қызметшілері үшін тұрғын жай, малы үшін қора-қопсы тұрғызады. Кемеңгер Атанұлы Дүйсебай, Дүйсебай есімді екі ұл сүйген. Дүйсебайдан тарайтын Қошмұхамбет есейе келе қалам ұстағанда, жазғандарына «Қошке Кемеңгерұлы» деп қол қояды [1; 4].

Қошкенің әкесі Дүйсебай жастай қажыға барып, оқу-ағарту ісіне ықыласты болған. Сондықтан да болашақ қаламгер, Алаш қайраткері көзі ашық, ауқатты, берекелі отбасында туып, жан-жақты тәрбие алған.

Жас Қошкенің халыққа тез танылуы

Қошке алғаш Белгібай молдадан дәріс алып, мұсылманша сауат ашқан. Одан кейін Омбыда шіркеу мектебінде, ветеринарлық-фельдшерлік мектепте оқиды. Арнаулы оқу орны болғандықтан, мұнда ол зоотехника, медицина негіздері бойынша сабақ алады. Содан кейін Омбы ауылшаруашылық училищесіне түсуге аңсары ауады.

Қошмұхамбет 1913 жылы 1 тамызда Омбы ауылшаруашылық училищесінің ауыл шаруашылығы бөліміне түсуге талапкерлер қатарында 34-ші болып құжатын тапсырады (Омбы облыстық мемлекеттік архиві, 65-қ., 1-т., 36-іс, 65-б.). Осы жылы аталған білім ордасына Қошкемен бірге Ахмет Әбдірахымұлы, Смағұл Қазыбекұлы, Мұхтар Саматұлы сынды шәкірттер де түседі. Бұлардан бір жыл бұрын училищеге Сүлембек Байжанұлы, Бірмұхамед Айбасұлы, Асфандияр Шорманұлы секілді қазақ балалары қабылданған екен. 1916 жылы бұл оқуға Смағұл Садуақасұлы түседі. Сонымен Қошке бастаған Омбы шаһарындағы оқуға ұмтылған шәкірттер Алаш жастарының бір жерге ұйысып, топтасуына мұрындық болған тәрізді [1; 4].

Қ.Кемеңгерұлы Омбыдағы Қазақ жастарының тұңғыш қоғамдық-саяси ұйымы «Бірлікке» (1914–1918) мүше болып кіреді [2]. «Бірлік» ұйымы өзінің алдына қазақ халқының мәдениетін, өнерін, әдебиетін көтеру арқылы оның ұлттық санасы мен сезімін оятуды мақсат етіп қойды. Осы мақсатқа жету үшін ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, оларды бастырып шығаруды, ауыл мектептерін оқулықтармен қамтамасыз етуді, қаражатқа мұқтаж оқушыларға көмек ұйымдастыруды қолға алды. 1917 жылдың 1–4 қазан аралығында ұйымның кеңейтілген жиналысы өтіп, онда ұйым мүшелері Алаш партиясына қолдау көрсететіндіктерін білдіріп, халық арасында оның бағдарламасын насихаттауды өз мойнына жүктеді [3; 121].


1916–1918 жылдары «Бірлік» жастар ұйымы «Балапан» атты қолжазба әдеби журнал жариялап тұрды. Оның редакторы Қошке болды. М.Жұмабаевтың «Балапан қанат қақты» атты аллегориялық әңгімесі осы басылым туралы. Бұл журнал Алашқа тыныс болған жас толқынның қалам тәжірибесін шындаған мектеп болып тарихқа енді [3; 97].

Қошке Кемеңгеровтің халыққа тез танылуына себепші 1915 жылы «Айқапта» шыққан бірнеше өлеңі мен осы «Бірлік» пен «Балапандағы» қызметі болды.

1917–1919 жылдары Қошкенің сергелдеңге түскен халқының ішінде жүруі

Осы жылдардағы саяси оқиғалар тұсында Қ.Кемеңгеров сергелдеңге түскен халық пен оқығандардың ішінде жүрді. Бұл кезде заман қатал, саясат құбылмалы еді. Осыған қарамай Алаш зиялылары сендей соғылысқан жұрттың арасынан бөлінбей, мәмілегерлік жолын іздеді.

1917 жылы сәуірде Қошке Кемеңгерұлы Дінше Әділұлын ертіп, Ақмола облыстық қазақ комитеті атынан (Омбыдан) Ақмола қаласына келіп, Уездік қазақ комитетін ашады. Оның төрағасы болып Сәкен Сейфоллаұлы тағайындалады. Қазақ комитетін құрушылар Ақмола шаһарында бірде медреседе, бірде қала басқармасының үйінде жиналып, аласапыран заманның қиындығынан халықты қалай аман сақтап қалу жолы туралы ақылдасады.



Сызба. Қаржас руының шөпшегіне дейінгі генеалогиялық түзілісі және Қошке (Қошмұхамбет) Кеменгеровтің ата-тегі [4; 255]

Қошке Ақмолада Сәкен ұйытқы болған «Жас қазақ» ұйымының жұмысына да қатысады. Бірақ облыстық қазақ комитеті мен уездік қазақ комитеті арасындағы кейбір маңызды мәселелер бойынша туған келіспеушіліктен соң және «Жас қазақ» басшылары Алаш Ордадан бойын аулақ салғаннан кейін 1917 жылы тамызда Қошке Омбыға қайтады [1; 4].

Қ.Кемеңгерұлы 1917 жылдың күз-қыс айларында Ақмола облыстық Алаш комитетін ашуға қатысады. Комитетке А.Сейітов, М.Жұмабаев, М.Саматов, А.Тұрлыбаев, Б.Серкебаев, С.Мұқашев, С.Итбаев, Д.Әділов, Қ.Кемеңгерұлы, М.Сейітов, Ж.Тілеулин, О.Ахметов, Х.Қожамберлин, К.Кәменов мүше болды. Комитеттің төрағалық қызметін бастапқыда А.Тұрлыбаев, Алашорда Ұлт Кеңесінің мүшесі ретінде Семей қаласына ауысуына орай С.Итбаев атқарды. Комитет мүшелерінің қатысуымен Ақмола облысында 5 уездік Алаш комитеттері құрылып, Құрылтай жиналысына депутат сайлауға байланысты халық арасында түсіндірме жұмыстар жүргізілді [3; 24].

Қ.Кемеңгерұлы 1917 жылы желтоқсанның 5–13 арасында Орынборда әйгілі Алаш Орда үкіметін жариялайтын ІІ Жалпықазақ съезіне делегат ретінде қатысады. Жиырмадан енді асқан ол күрестен де, ізденістен де шет қалмайды.

1918–1919 жылдары Алаш Ордаға қалтқысыз жәрдем берген, ел бірлігі мәселесінде біршама тиянақты жұмыс жасаған «Жас азамат» ұйымы мен газеті еді. Қошке осы ұйымның алқасына кірді, оның Қызылжар қаласында шығып тұрған үні — «Жас азамат» газетіне редактор болды.

1918 жылдың 30 шілдесінен 1919 жылғы 8 ақпанға дейін алашшыл қазақ жастарының саяси-қоғамдық, экономикалық тұңғыш газетінің 22 нөмірі араб әрпімен жарық көрді.

Газетті шығарушы — «Алаш» серіктестігі. Іс жүзінде қазақ жастарының «Бірлік» мәдени-ағарту ұйымы мен барша Алаш жастарының ұйытқысы болған «Жас азамат» ұйымының органы болды. Газет беттерінен негізінен Қ.Кемеңгерұлы, С.Сәдуақасов, А.Жанталин, М.Әуезов, Б.Серкебаев және т.б. алашшыл авторлардың Ресейдегі саяси жағдай, жер мәселесі, Алашорда үкіметі мен Уақытша үкімет қызметі, елдегі шаруашылық жайлары мен мәдени хабарлар, оқу-ағарту мәселелеріне қатысты деректер жарияланып тұрды [3; 167]. Газет большевиктердің имансыз әрекеттерін елге жария қылып, жастарды ауызбірлікке шақырды.

Қ.Кемеңгерұлының саяси сапырылыстарға толы жиырмамыншы жылдары атқарған жұмыстары

1919 жылы Қошке Омбы политехника институтына оқуға түседі. Мұнда ол бірінші курсты ғана оқиды. 1920 жылы Ақмола облысына (орталығы — Омбы) қарайтын Петропавл (Қызылжар) уезіне мұғалімдікке шақырылады. Ол жерде жаңадан құрылған, аты заманына сай «Қызыл мұғалімдер курсында» оқытушы ретінде дәріс оқи бастайды.

1920 жылы 7 желтоқсанда Қазақстанның Сібір ревкомындағы өкілеттігі Сібір ауылшаруашылық және өндіріс институтының басшылығына Қ.Кемеңгерұлы мен М.Сейітұлы ветеринария факультетінің медицина бөліміне курстан тыс қабылдауын өтініп, арнайы хат жолдайды. Қошке осында оқып жүргенде аталған институт аты «Батыс Сібір мемлекеттік медицина институты» болып өзгереді.

Қ.Кемеңгерұлы ІІІ-курсты тамамдағаннан кейін 1924 жылдың 21 тамызында Орта Азия мемлекеттік университетінің медицина факультетіне ауысуға өтініш береді. Сол жылы ол Түркістан Республикасының орталығы Ташкентке кетеді.

Өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарында Түркістандағы ғылымның дамуына әсер еткен маңызды кезең болды. Бұл кезеңде республикадағы ғылыми-зерттеу жұмыстары негізінен Түркістан (Орта Азия) мемлекеттік университеті, Түркістан Шығыс институты және кейбір салалық ғылыми-зерттеу мекемелері ғалымдарының күшімен жүргізілді. Қазақстан ғылымының 20-жылдарындағы дамуының мәнді сипаты өлкетанушылық және гуманитарлық зерттеулердің басым болуынан. Өйткені, біріншіден, барлық ғылыми ошақтардың ішінде белсенді де жемісті жұмыс істегені Қазақстанды зерттеу қоғамы болса, екіншіден, тарих, әдебиет, тіл, өнер саласы бойынша іргелі еңбектер жарық көрді [5].

Қошке Кемеңгерұлы Орта Азия мемлекеттік университетінің жұмысшылар факультетінде, даярлық бөлімінде, шығыстану және педагогика факультеттерінде қазақ тілінен дәріс оқып, Түркістан әскери училищесінде де сабақ берген. Университетте екі жыл қызмет жасағаннан кейін Қ.Кемеңгерұлы біржола ғылымға ден қойып, түріктану жолын таңдайды. 1928 жылы 23 қазанда Қошке шығыстану факультетінің түріктану кафедрасына аспирант болып қабылданады. Бұл

кафедрада А.Шмидт, М.Гаврилов, А.Дубсон тәрізді мықты ориенталистер тәлімгерлік жасайтын. Ғылым жолына түскен Қошке Кеменгерұлы батыл түрде белгілі ғалымдармен ашық, жүйелі пікірсайыстарға түскен. Мәселен, 1929 жылы мамыр айында болған орфографияға арналған конференцияда жаңа орфография мен термин жасау принциптері жөнінде Қ.Кеменгерұлы Е.Омаров және Қ.Жұбановтармен бірге орнықты пікір білдіріп, Юдахин, Поливанов және Шмидт тәрізді тәлімгерлермен қазақ тілінің күрделі мәселелерін бұра тартқан еуропалық ғалымдармен айтысқан (ӨР ОММ, 368-к., 13-т., 3-іс, 16–26-б.).

Қошке осы жоғары оқу орнында жүріп, қазақ тілі ғылымының мәселелері туралы бірқатар зерттеу еңбектерін жазды. Ташкентте ол «Ақ жол» газетінде, «Сана» журналында жұмыс істеді. Тек бір Ташкентпен ғана тоқырап қалмады. Орынбор, Қызылорда, Семей, Шымкент қалаларына түрлі іссапармен барып, қаламгерлермен байланыс жасап тұрды.

Қошкенің репрессияның ұлт қайраткерлеріне бағытталған алғашқы толқынында тұтқындалуы

Қошке Кеменгеров 1930 жылы 17 қыркүйекте М.Әуезовпен, М.Күдеринмен бір күні тұтқынға алынады [6].

«Кеңес үкіметіне қарсы әрекет жасаушы» деген жалған айыппен Ташкентте ұсталып, абақтыға жабылады. 1930 жылдың қазан айының соңында Ташкенттен Алматы абақтысына айдалады. Ол Алматы түрмесінде 1932 жылдың сәуір айының соңына дейін отырады. Өйткені ұзақ уақыт нақты айып тағылмай, сұраққа тартылмайды. Оған төмендегі оның Мәлімдемесі дәлел: «ҚСР-ындағы ОГПУ басқармасына тергеуде жатқан Қошмұхабет Кеменгерұлынан Мәлімдеме.

Жазықсыз абақтыда отырғаным, міне, 10 ай өтті. Маған Қылмыс кодексінің 58 (11–7) бабы бойынша айып тағылыпты. Бірақ мен өзімді кінәлі санамаймын. Кеңес өкіметіне қарсы күресу үшін жекебасылық немесе қоғамдық сипаттағы салмақты негіз болу керек. Менде ондай жағдай болған емес, нақтырақ айтсам, мұғалім кезімде материалдық тұрғыдан толық қамтамасыз етілген едім, бұған қоса шығыстану факультетінің аспиранты ретінде маған ғылыми перспективалар ашылғанды. Қоғамдық сипаттағы негізде Кеңес өкіметіне қарсы болу деген — қаражүзділердің реакциялық әрекеттерін, ұлы державалық шовинизмді қайта жандандыру. Мұндай қаскүнемдікті кім жақтайды? «Алаш Орданың» басшылығындағы буржуазиялық-ұлттық қозғалыспен байланысымды 1919 жылдың басында үзгенмін. Содан бастап мен өзімді ілгері ұмтылғандардың қатарындамын деп есептеймін, мұны жарияланған еңбектерім (дұрыстап аударылып, түсінік жасалса) растайды. Ұлтшылдық дүниетаным қалдықтарынан 1922 жылы, Қазақстандағы коллективтендіру мен таптық айырылым қатаң басталған уақытта біржолата құтылдым.

7 жыл ішінде мен Ташкентте түрлі оқу орындарында сабақ бердім. Осы уақытта менен дәріс тыңдаған шәкірттердің қайсысы болсын сабақ үстінде Кеңес өкіметіне қарсы ой білдіргенімді айтса, өзімді айыпты санар едім. Маған шығыстану факультетінің екі студенті жала жауып, куәлік беруі мүмкін деп ойлаймын, өйткені олар өздерінің жеке карьерасының жолында мені бәсекелес деп пайымдаушы еді. Жыл сайын жазда қымызбен емделу үшін мен Сібір өлкесіндегі ауылыма барамын. Егер туған ауылымдағы біреу мені кеңестік шараларды бұзды, Кеңеске қарсы үгіт жүргізді десе, өзімді айыпты санар едім. Қайта мен туған елімде егінді кеңейтуге, жайылымды жақсартуға, колхоз құруға ықпал жасадым. 10 ай ішінде маған шімірікпестен жала жапқандармен жүздестірмеуді заңсыздық деп есептеймін.

Мен Сіздерден өз қолыммен жазған куәліктеріме ғана назар аударуларыңызды сұраймын. Ташкентте тергеуші Ағабековке берген жауабымды біржақты деп санаймын. Өйткені ол: қараңғы қарцерге саламын, тіпті атқызамын, — деп қорқытты. Мен ІІІ дәрежелі туберкулезбен ауырамын, мұны анықтаған комиссияның 2 шілдеде берген актісі бар. Олар мені І-топтағы инвалид деп тапты. Абақтының ауыр жағдайында туберкулездің салдарынан ерте жан тапсыруым мүмкін.

Менің осы айтқандарыма назар салып, емделу үшін босатуларыңызды өтінемін. Тіпті болмаған жағдайда қолхат беріп аз-кем сауығып алсам деймін.

17 шілде, 1931 жыл. Алматы абақтысы» (Қ.Кеменгерұлы. Шығармалары / Құраст. Д.Қамзабекұлы. — Алматы: Алаш, 2005. — 199–200-б.).

Әкесінің отызыншы жылдардағы өмірі хақында нақты деректі баласы Нарманбет (Қошкенің Ташкент қаласында туған перзенті) 1990 жылы Омбы облыстық МХК архивінен сұрап алған екен. Онда: Қошкенің 1925 жылда «Алқаға» қатысқандығы; әдебиетшілер арасында М.Әуезұлы, Ж.Аймауытұлы, Даниал Ысқақұлы, Абдолла Байтасұлы сияқты азаматтармен араласқандығы; 06.10.1930 жылы сотталып, Алматыға жіберілгені; ол жерде 20.04.1932 жылы Үштіктің Шешімімен

58–10; 11-бап бойынша («Отанды сатты» деген) ұсталған мерзімінен бастап 5 жылға Валуйки қаласына айдалғандығы айтылған [7].

Украинаның Валуйки қаласына жер аударылған Қ.Кемеңгерұлы мұндағы темір жол жүйесінде дәрігер болды. Дәл осы жол құрылысында 1932–1933 жылдары С.Садуақасұлы инженер болып қызмет жасаған еді. Сондай-ақ Валуйки, Воронеж бағытында Х.Досмұхамедұлы, Ж.Досмұхамедұлы, Е.Омарұлы, С.Қадырбайұлы, К.Тоқтыбайұлы, М.Тынышбай, Ж.Күдеріұлы, М.Мырзаұлы сынды азаматтар жер аударылған еді. Міне, осы кісілер амалын тауып, жүздесіп тұрды деуге негіз бар [1; 4].

Қ.Кемеңгеров 1935 жылы босанып, Омбының Шарбақкөл аудандық ауруханасында дәрігер болып қызмет істеді. 1937 жылы 7 тамызда қайта ұсталып, 21 қарашада Омбы қаласында атылды. Алаш қайраткері әділет, азаттық жолында шейіт болды.

Ғалымның тарих, әдебиет, педагогика, журналистика салаларындағы зерттеулері

Қ.Кемеңгеров шығармашылығы «Айқап» журналында 1915 жылы жарияланған «Жазғытұры», «Бақ іздеген», «Солған гүл» өлеңдері мен «Пайғамбар» (А.Пушкиннен), «Сәскелік көлдің жағасында» (Никитиннен) секілді аудармаларынан басталды. А.С.Пушкиннің «Пайғамбар» («Пророк») деген өлеңінің аудармасы жөнінде ақын-ғалым С.Сейітов «Пушкин лирикасын қазақ тіліне аудару дәстүрі» дейтін зерттеуінде: «Тәржімашы 19 жастағы Қошке (Қошмұхамбет) Кемеңгеров зерттеу құралын қалпынан айнытпай түсіруге тырысқан... Тәржіманың тілі жатық, сөз кестесі әжептәуір» [4; 313], — деп бағалайды.

Жазушының прозадағы алғашқы туындыларының бірі — «Тұтқынның ойы» әңгімесі (1919). Осы және «Отаршылдың ұсқындары» (1925), «Қанды толқын» (1926) әңгімелерінде қазақ қауымының күрделі әлеуметтік жай-күйі шебер суреттеледі. Қаламгер «Ерлік жүректе» (1924), «Қазақ әйелдері» (1924), «Жетім қыз» (1924), «Момынтай» (1925), «Дүрия» (1927), «Назиқа» (1928) атты әңгімелерінде үлкен өзгерістерді бастан кешіп жатқан қоғамдағы қазақ қыздарының бейнесін жасайды. Прозадағы ірі еңбегі — замандас қайраткерлер туралы 1925–1937 жылдары жазылған романы. Бұл кітаптың қолжазбасын 1937 жылы НКВД тәркілеген [8].

Қ.Кемеңгерұлы тарих, этнография, әдебиеттану, тілтану, көркем аударма, тағы басқа мәселелер бойынша қалам тербеген. 1926 жылы қаламгердің «Көркем әдебиет туралы» белгілі мақаласы шықты. Бұл мақала Сәбит Мұқановқа жауап ретінде жазылған. Өз еңбегінде Мағжан мен Міржақыпты қорғап, «Оян, қазақ!» пен «Шолпанды» Сәбиттің «көже» деп сынауы диалектикаға жатпайды дейді. Қошке нені болса да орнына, заманына, тарихи жағдайларға қарай бағалау керек», — деп, әдебиеттанудағы тарихи контекст қажеттілігін еске салады. Осы тұрғыдан келесі тұжырымға келеді: «Оян, қазақ!» алғашқы шыққанда Грибоедовтің «Горе от ума»-сындай болған. «Оян, қазақ»-ты ел қазақтары Құрандай жаттаған. Міржақыптың атын алты Алашқа таратқан «Оян, қазақ» болған. Міржақыптың «Бақытсыз Жамалы» «Бедная Лиза» сияқты болған», — деп пікір білдіреді. Мақаладағы Гегель, Маркс, Плеханов, Воровский, Луначарскийлерден келтірілген сілтемелердің қазақша берілуі Қ.Кемеңгерұлының аудармашылық даралығын көрсетеді. Бұлар Сәбиттің Мағжанды кінәлауына тосқауыл қою үшін қажетті ғылыми ақпарат ретінде келтірілген [9; 330].

Қ.Кемеңгеровтің 1927 жылы Г.Архангельскийдің құрастыруымен орыс тілінде жарық көрген «Қазақ тілінің грамматикасы», сондай-ақ оның «Қазақ тарихынан», «Бұрынғы езілген ұлттар», «Егін салу турасында» деген зерттеулері қазақ ғылымында өзіне лайықты орнын алды. Алаш әдебиетшісі әдебиетті танытуды ұлттың тарихымен тығыз байланыстырды.

Қошкенің «Қазақтың тарихы тұрмысынан» («Темірқазық» журналы, 1923, № 2, 3, 53–68-б.) зерттеуі — қазақтың жайы мен әскері, сот, оқу және жер мәселесі, ру жайында. 1924 жылы Мәскеуде жарық көрген «Қазақ тарихынан» атты кітапшада Қ.Кемеңгерұлының қазақ тарихы туралы ойлары қамтылған. Қазақтың Ресей отаршылығына қарсылығы ерекше сөз болған.

«Бұрынғы езілген ұлттар» (Мәскеу, 1925) атты зерттеу кітабында патшалық Ресейдің езгісіне ұшыраған 36 ұлттың тұрмысы (тарихы, жер-суы, мәдениеті, шаруашылығы, қоғамдық-саяси, мәдени-әлеуметтік жағдайы) сұрыпталған. «Егін салу турасында» (1923) атты зерттеуінде қазақ жерінде егін өсіру жайы жазылған. Алаш ғалымының аталған еңбектері тарих саласының кәсіби зерттеулері болып табылады.

Қ.Кемеңгерұлы қазақ, орыс тілдеріне бірдей шешен болған. Ол неміс, араб, парсы тілдерін де біршама жақсы білген. Оған өзі жазған «Қазақша-орысша тілмаш» атты кітабында араб, парсы тілдеріне талдау жасауы айқын дәле бола алады. Бұл кітап 1925 жылы Мәскеуде басылып шықты.

Тіл білімі және оқулық саласында Қошке екі кітаптан тұратын «Оқу құралын» жазып шығарды (Ташкент, 1928; Қызылорда, 1929).

Қ.Кемеңгеров драма саласында жемісті еңбек етті. «Әулие тәуіп» (1918), «Қасқырлар мен қойлар» (1920), «Бостандық жемісі» (1919), «Күнәсіз күйгендер» (1930) атты пьесалары кезінде әуесқойлық театр сахналарында қойылған. Көпке белгілі пьесалары: «Алтын сақина» (1923), «Парашылдар» (1926), «Ескі оқу» (1927).

1926 жылы 13 қаңтарда Қазақ драма театры (тұңғыш директоры әрі бас режиссері — Д.Әділов) Қ.Кемеңгерұлының «Алтын сақина» пьесасымен тұңғыш шымылдығын ашты.

Қошке шебер журналист ретінде де қабілет-қарымын аңғартты. Газет-журналдарда жариялаған сон алуан мақалаларында ол білім, ғылым, денсаулық, өнер, шаруашылық, тағы басқа тақырыптағы мәселелерді камтиды. Әсіресе оның «Қазақ», «Сарыарқа», «Абай» сынды ұлтжанды басылымдардың ізбасары іспеттес «Жас азамат» бетінде Алаштың мұңын мұндап, жоғын жоқтаған мақалалары нөмір құрғатпай шыққанына бүгінде мұрағат қойнауында сақтаулы үнжарияның 22 саны дәлел.

ҚАЗАПП ұйымының 1932 жылғы съезінде Алашордашыларды және оларды қолдаушыларды «байшыл, ұлтшыл» деп, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы, С.Садуақасұлы, С.Торайғырұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезов және басқалардың шығармаларын тексеру керек деп нұсқау берілді. Жоғарыда аты аталған қаламгерлер төл туындыларында халық мұңын мұндап, жоғын жоқтағаны үшін «байшыл-ұлтшыл жазушылар» болып танылды. Алаш тұлғаларының халықтың болашағын толғаған мұралары кінә болып тағылды [9; 327].

Қаулы жарыққа шыққаннан кейін көп ұзамай-ақ 1937 жылдың қара құйыны Шарбақкөлдегі дәрігер Қ.Кемеңгеровті қиналмай-ақ тапты. Қайраткерді ату туралы үкім тез арада орындалды.

Түйін

Саяси қуғын-сүргін құрбаны Қошмұхамбет Кемеңгеров 1957 жылы 17 тамызда Сібір әскери округы әскери трибуналының қаулысымен ресми ақталды. 1965 жылы оның «Алтын сақина» атты шағын жинағы жарық көрді. Бірақ Кемеңгерұлының мұрасы ХХ ғасырдың 80-жылдарының аяғында ғана еркін шығарыла бастады.

1995 жылдан бері Қошкенің мұрасы бірнеше дүркін кітап болып шықты. 2004–2006 жылдары «Алаш» баспасы қайраткердің үш томдық шығармалар жинағын жариялады.

Қаламгер құрметіне Баянауылда мектеп, Астанада көше аты берілді. Қошкенің артында қалған ұрпақтары Омбыда, Алматыда, Астанада әкелерін ұмытпай өмір сүріп жатыр.

References

- 1 Kamzabekula D. *To koshke* // Egemen Kazakhstan, 2007, August, 15, p. 4.
- 2 *North Kazakhstan area: Encyclopedia*, Almaty: Arys, 2006, p. 326.
- 3 *Alash. Alashorda: Encyclopedia* / Originators: G.Anes, S.Smagulova, Almaty: Arys, 2009, 544 p.
- 4 Zhaksybayev S.I. *Sort «Karzhas» family tree*, Pavlodar: EKO, 2008, 400 p.
- 5 Rasheva G. *Contribution to science of the intellectuals of Turkestan* // Cossack history, 2010, № 4 (103), p. 73, 74.
- 6 Zhurtbay T. *Fallen in a bottomless abyss...* (Mannan Turganbayev, Zhakip Akbayev, Danial Iskakov, Koshke Kemengerov and...) // Akikat, 2012, № 9, p. 87.
- 7 *Red terrors* / Originators: K.Kasenov, A.Torekhanov, Almaty: Kazakhstan, 1994, p. 61.
- 8 *Kazakhstan: National encyclopedia*, Vol. 4, Almaty: Main edition (The national encyclopedia), 2002, p. 491.
- 9 Ismakova A. *Alash's literary criticism*, Almaty: Mektep, 2009, 560 p.

Р.С.Каренов

Неоценимый вклад в развитие казахской национальности видного представителя движения Алаш Кошке Кеменгерулы

В статье описаны жизнь и деятельность видного представителя движения Алаш Кошке Кеменгерулы. Отмечено, что, получив хорошее образование, он занимался педагогической и журналистской деятельностью, был известным историком, литератором, общественным деятелем. Автором выделена его деятельность по созданию в Омске после Февральской революции 1917 г. молодежной организации, которая занималась культурно-просветительскими проблемами. Показано активное участие Кеменгерулы в движении Алаш, которое в новых исторических условиях было вынуждено оформиться в орган государственной власти в Степном крае. Проанализирована его многогранная творческая и общественная деятельность как одного из лидеров Алашского движения в период 1920–1929 гг. Изучены последние годы жизни К.Кеменгерулы, когда в 1930-х гг. репрессиям подверглась старая национальная интеллектуальная элита и большая ее часть была уничтожена.

R.S.Karenov

Invaluable contribution to development of the Kazakh nationality prominent representative of movement Alash Koshke Kemengerula

Life and activity of the prominent representative of movement Alash Koshke Kemengerova are described. It is shown that, having got a good education, he was engaged in pedagogical and journalistic activity, was the known historian, the writer, the public figure. His activities for creation in Omsk after February revolution of 1917 of the youth organization which dealt with cultural and educational problems are allocated. Kemengerula's active participation in movement Alash which in new historical conditions was compelled is noted will be issued in public authority in a steppe cut. His many-sided creative and public work as one of leaders of Alashsky movement in the period of 1920–1929 is analyzed. The last years K.Kemengerov's lives when in the 1930th years the old national intellectual elite and its most part underwent repressions are studied was destroyed.